



1.Компас



2. Ұшақ




3.Курвиметр



4.Гигрометр



5.Микроскоп



6. Географиялық карта



7. Барометр




8. Сағат



11. Зымыран



12. Термометр



9. Кеме



10. Глобус

11. Ол - өз массасын біртіндеп бөліп шығару нәтижесінде пайда болатын реактивті күш әсерінен қозғалатын ұшу аппараты

Әлемді әлі күнге дейін таңғалдырып жүрген жаңалық.

9. Ол - мұхитта немесе теңізде немесе су астында жүзе алатын, жүк немесе жолаушылар тасуға және басқа да істерге арналған су көлігі.

12. Бұл құралдың пайда болуы көптеген аурулардың алдын-алуға мүмкіндік берді. Онымен ыстық және суықты өлшеуге болады

10. Ол - Жердің, Айдың, планеталардың және аспан сферасының контуры мен геометриялық пішіндік ұқсастығы сақталып, картографиялық әдіспен бейнеленген көлемдік модель.

7. Ол - атмосфералық қысымды өлшеуге арналған құрал. Ол зат жұмыс әрекеті атмосфералық қысымның барометрлік түтіктегі сынап бағанасы қысымымен теңгерілуіне негізделген.

5. Ол зат - жай көзге көрінбейтін нысандардың (немесе олардың құрылымдық бөліктерінің) бірнеше есе үлкейтілген кескінін алатын оптикалық прибор. Ол бактериялар, органикалық жасушалар, майда кристалдар, қорытпалардың құрылымы, т. б. өлшемдері көздің көру мүмкіндігінен аз нысандарды зерттеуге арналған.

8. Ол - тәуліктің ағымдағы уақытын анықтайтын және бір тәуліктен кіші уақыт аралықтарының ұзақтығын бірліктермен өлшейтін құрал.

6. Ол - Жер бетінің кішірейтіліп, жинақы түрде жазықтықта шартты белгілермен бейнеленуі. Бұл заттың пайда болуы өте ерте кезде басталса да, әлі күнге дейін өте құнды.

3. Ол зат -карта мен жоспар бойынша қисық сызықтар арқылы қашықтықты анықтауға арналған құрал. Ол қашықтығын өлшеуде доңғалақтарды маршрут бойымен жүргізіп, оның сантиметрмен өлшенген есебін масштаб келеміне көбейтіп, нәтижесінде жергілікті жердің нақты қашықтығын анықтайды.

1. Ол зат — жер бетін бағдарлауға, географиялық немесе магниттік меридианның бағытын анықтауға арналған аспап. Магнитті түрі Қытайда ойлап табылған. Осыдан 4000 жыл бұрын қытай жазбаларында керуеншілер көздің қарашығындай сақтаған ақ балшықты құмыра туралы айтылады. Ол қалай бұрылса да, жолаушыларға солтүстік жақты көрсетеді.

4. Ол зат - бұл ылғалдылықты, яғни ылғалдылықты - ауа немесе басқа газдарды өлшеуге арналған құрал. Ол - бұл көптеген инкарнация болған құрылғы. Леонардо да Винчи 1400 жылдары алғашқы шикі гигрометрді салған. Франческо Фолли 1664 жылы практикаға асырды

2. Ол зат-күштік қондырғы (қозғалтқыш) көмегімен атмосферада ұша алатын, қозғалмайтын қанаты бар, ауадан ауыр ұшу аппараты болып саналады. Бұл аппарат өз қозғалтқышының тарту күшімен белгілі бір жылдамдықпен қозғалған кезде қанатында пайда болатын көтергіш күш әсерінен аспанға көтеріледі.